

ӘОЖ 378.1

**ҚАЗАҚСТАН МЕН ҮНДІСТАН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ**

**Алпысбай Айна Ғизатқызы, Умуртаева Динара Коблановна**

[Alpysbai\\_aina@mail.ru](mailto:Alpysbai_aina@mail.ru), [miss\\_umurtaeva@inbox.ru](mailto:miss_umurtaeva@inbox.ru)

Журналистика және Саясаттану факультетінің, ҚЖ-13 тобының 1 курс студенттері  
Ғылыми жетекшісі – Кусаинова Р.Е

Қазақстан тәуелсіздік алғалы білім-ғылым, экономика саласында көп жетістікке жетті. Бұл тұңғыш президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының арқасы. Елбасының тәуелсіздіктен кейінгі әр жылғы жолдауы, Қазақстанның дамуына апарар жол болды. Жыл сайынғы жолдауда, білім мен ғылым саласында аса мән беріліп қолға алынды. Мысалыға,

2010 жылы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауда Отандық білімді бәсекеге қабілетті бейімдеуге, білім саласына қатысты жарыққа шыққан болатын. Осындай келелі мәселелерді ғалымдар қауымдастығы бірауыздан қолдап отыр. Әсіресе, жоғары оқу орындарын әлемдегі үздік университеттердің қатарына қосу мақсатында, үлкен істер атқарылып келеді.

Елбасымыз, Жоғары оқу орындарында білім беру жүйесіне аса қатты мән береді. Яғни, білім жүйесі мықты елдің, өзі де мықты, дамыған болмақ. Ал, өзіміздің Жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйеміз, Тәуелсіздік алғалы үлкен жетістікке жетті. Біздің қазіргі білім деңгейіміздің көтерілуі, әлемдік деңгейдегі Жоғары оқу орындарынан кем түспейтіндігіне дәлел ретінде: әсіресе Жоғарғы оқу орындарындағы білім сапасын нығайту мақсатында, әлемдік деңгейдегі жоғары оқу орындарындағы білім жүйесінен артта қалмау үшін жасаған берік қадамдарымыздың бірі 2010 жылғы жолдауда анық жазылған. Яғни, ұрпақ тағдырын бәрінен де қымбат санайтын - Елбасымыздың білім беру саласын заманға сай дамыту, әлемдік білім кеңістігіне ену бағытында білім саласындағы қызметкерлерді жаңа ізденістерге жұмылдыруды мақсат етті. Бұл мақсат – әлемдік білім беру кеңістігіне кіру тұсында тұрған Қазақстан Республикасының білім саласы, оның әр кезеңіндегі айқындалған үрдістері әр халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білім байланыстылығын, жалпы білім саласының күйіне және оның даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігі баршамызға аян. Елбасының жарлығы бойынша, білім беру жүйесін мықтап қолға алу үшін, белгілі жетістікке жету үшін, «Жоғары білім беру туралы» заң күшке енді. Қазіргі кезде бұл заң нақты орындалды деуге болады, себебі тәуелсіздік алғанда біздің еліміздің білім сапасы төмен болғанына қарамастан, 28 жыл ішінде біз биік жетістіктерге жеттік. 180-ге жуық жоғары оқу орындары ашылып, соның ішінде 3 жоғарғы оқу орны «Халықаралық» атау алып, өз білім жүйелерінде жаңа технологияға аса зор мән бере отырып, осы деңгейге көтерілді. 8 жоғары оқу орнына білім сапасының жоғары деңгейлігіне назар аударып, ерекше мәртебе «Ұлттық» атауы берілді. Қазіргі таңда, Нұр-Сұлтан қаласында қаншама жоғары оқу орындары бар, олардың білім беру сапалары әлемдік жоғары оқу орындарының бағдарламасына, жүйесіне ұқсас. Алматы қаласын қарастыратын болсақ, қаншама халықаралық деңгейге жететіндей Жоғары оқу орындары көп. Сондай оқу орындарында, студенттерге үлкен мүмкіндік жасалған. Әлемнің түпкір-түпкірінен әлемдегі үздік оқу орындарында оқыған профессорлар сабақ береді.

Үндістан тоқталайық - дүние жүзіндегі ең ежелгі мемлекеттердің бірі, өз тәуелсіздігін Қазақстанға қарағанда ерте алды. 72 жыл өтсе, Қазақстанның тәуелсіздік алғанына 28 жыл. Салыстыру жасайтын болсақ, Қазақстан 28 жыл ішінде Жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі мен сапасында аса үлкен жылдамдықпен, қарқынды даму барысымен Үндістанды білім беру жүйесінен басып озды деуге болады. Қарап отырсақ, 28 жыл өте аз уақыт және осындай уақыт ішінде мұндай жетістікке жету қиын. Ал, Үндістанның жоғары оқу орындарының білім жүйесіне мән беріп, зерттейтін болсақ, Қазақстанмен салыстырғанда, артта қалушылық әлі де бар.

Үндістандағы жоғарғы оқу орындарының білім беру жүйесі соңғы онжылдықта, даму мақсатында өзгерістерге ұшырауда.

Мұның себебіне қарасақ, елдің экономикасының қарқынды өсуі және білікті ғылыми және жұмыс істейтін мамандарға деген қажеттілік. Білімнің барлық деңгейлері - мектепке дейінгі білімнен жоғары білімге дейін қарастырылған. Үндістан өз Жоғары оқу орындарына шетелдік студенттерді тарту мақсатында, онымен қатар, жоғары оқу орындарына ғана емес, аспирантураға да тегін білім алудың бір қатар жолдарын қарастырып келеді. Қазіргі Үндістанның білім беру жүйесі бірнеше кезендерді қамтиды:

1. Мектепке дейінгі білім беру;
2. Орта мектеп және толық
3. Орта кәсіптік білім;
4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу дәрежесі (бакалавр, магистр, доктор) [1].

Мемлекеттік емес білім беру жүйесі екі бағдарлама бойынша жұмыс істейді. Біріншісі – оқушылар мен студенттерді, екіншісі - ересектерді оқумен қамтамасыз етеді. Үндістандағы ересек адамдардың сауатсыздығымен жұмыс жасау жүргізіліп келеді. Бұл елде әйел теңсіздігі әлі де бар екендігінен, жас қыз келіншектер мен қыздар да білім ала-алмай жүр. Елде 220-дан астам жоғары оқу орындары бар болғанымен, 1-3 мыңға жуық және 100 мыңнан астам студент кездесетін университеттер жеткілікті. 5-ші ғасырда құрылған Наланда университеті жоғары білім алуды қалайтындар арасында көшбасшы орынды иеленеді. Бұл Жоғары оқу орнына қаншама ғасыр өтті, алайда әлі күнге дейін сол мемлекетте көшбасшы. Неге десеңіздер, кейбір оқу орындарында, бір ғана мамандық және бір оқытушы кездеседі. Ең танымал деп есептейтін Калькутта, Мумбай, Дели, Раджастан қалаларындағы жоғары оқу орындарында ғана 130-150 мың студент оқиды, ал қалған оқу орындарында студенттер саны аз. Соңғы онжылдықтарда Үндістан экономикасының алға жылжып дами бастағанына байланысты инженерлік жоғары оқу орындарының саны артып келеді. Индия Индустрия Институты және Менеджмент Институты лайықты деп танылуда. 50%-ы ғана Үндістанның өз студенттері. Және гуманитарлық бітірушілердің үлесі шамамен 40% құрайды. [2] Дәстүрлі Жоғары оқу орындарымен қатар, елде отандық мәдениетке, тарихқа, өнерге және тілдерге назар аударуды қолға алып келеді. Елде екі жүзден астам университет жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі еуропалық білім беру стандарттарына бағдарланған. Жоғары білім жүйесі еуропалықтарға таныс үш сатылы ұсынылған. Ол - бакалавр, магистр немесе доктор дәрежесі. Үндістандағы жоғары оқу орындарына білім алуға шетелдік студенттер қызығушылық аса танытпайды. Ал, Жоғары оқу орындары бұл мәселені қарастыру үшін, шетелдік студенттерге қабылдау емтихандарын тапсыруды қажеті етпейді. Тестілеу тек арнайы жағдайларда ғана қолданылады. Бірақ ағылшын тілін білуге қатаң талаптар бар, онсыз көптеген Үндістан университеттеріне жол жабық болып табылады. Оған көмек ретінде Үндістанның барлық ірі қалаларында арзан және білікті ағылшын тілі курстары қарастырылған. Сонымен қатар, Үндістанда бір саланы ғана меңгеруге арналған, ЖОО-лар өте көп. Мысалы, Индира Кала Сангитх студенттерді үнді музыкасымен, Рабинд Бхарати бенгал тілімен таныстырады. Мумбай, Раджастхан, Калькутта және Ганди университеттері елдегі үздіктер қатарынан табылады. Үндістанда тегін оқыту ИТЕС - техникалық және экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы арқылы қол жеткізуге болады. Гуманитарлық ғылымдар бойынша бакалавр дәрежесін алу 3 жыл болса, кәсіби бакалавр дәрежесі - 4 жыл және одан да көп. Мәселен, медицинада - 4,5 жыл, юриспруденция үшін - 5-6 жыл оқу. Сол саланың үздігі атану үшін тағы 2 жылға созылады. PhD дәрежесін алу үшін, студенттің қабілетіне және таңдаған мамандығына қарай қанша жыл оқытыны шешіліп өзгереді. [3] Студент семестрде қанша пән бойынша білім алса да, оның тек төртеуі ғана куәландырылып, қалғандары өздігінен бақылауға беріледі. Дегенмен, сабақ кестесінде көрсетілген барлық лекцияларға бару әдеттегідей міндеттеледі. Үндістандағы білім бірте-бірте жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқандығын байқауға болады. Әсіресе техникалық жоғары оқу орындарының қажеттілігі, біліктілігі жоғары инженерлердің білім алуымен түсіндіруге болады. Жоғары технологиялар мен экономиканы дамытуға септігін тигізеді. Алайда, Үндістандағы білім беру кенжелеп болып дамыды десек те, ол әлі бүкіл білім беру жүйесі британдық білім беру үлгісінің көшірмесі болып табылатындығын ескеруіміз қажет. [4] Бұл өлкеде касталық жүйе мен жаппай сауатсыздықты жоюға бағытталған шаралар әлі де жалғасып, сонымен күресуде. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмен, қарапайым тұрғындардың қалтасы жоғарыда айтқан керемет білімге ие болу үшін қосымша шығынды көтермейді. Мұнымен қатар, менталитет пен мемлекеттік экономикасы да әсер етеді. Соңғы жылдардағы өзгерістерді ескерсек, мектепті тәмамдаған оқушы ЖОО-да білім алу мүмкіндігіне ие болып жүр. Алайда барлығы емес, тек бітіруші түлектердің жарты бөлігі ғана. Яғни, баланың білімді болуы ата-анасының қаражатына, тікелей байланысты екендігі байқалады.

Қазақстан мен Үндістан арасындағы білім бағытындағы байланысқа үңілетін болсақ, 2017 жылының 24-25 қазан күндері Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Үндістан астанасы Нью-Дели қаласында өтіп жатқан «Қазақстанның білім беру

күндері» көрмесінде сөз қозғалды. ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ның ұйытқы болуымен ұйымдастырылған шарада еліміздің бірқатар беделді жоғары оқу орындары таныстырылды. Көрме барысында Қыздар университетінің өкілдері Үндістандық студенттерге оқу орны туралы жан-жақты, толыққанды ақпарат беріп, өз кеңестері мен мүмкіндіктерін ұсынды. Көрме аясында үндістандық мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері Қыздар университетіне оқуға түсуге ынта білдірген. Сонымен қатар, академиялық ұтқырлық пен қос дипломды білім беру бағдарламалары және мәдени қарым-қатынасты дамыту бойынша бірқатар шетелдік жоғары оқу орындары басшыларымен кездесу өткізілді. Мысалы, Үндістанның ең іргелі және беделді оқу орны – Амита Университетімен меморандум жасау жайлы талқыланды. Айта кетейік, бүгінде аталған білім ордасында 120 мыңнан астам студент білім алуда. Ал оларға Қазақстанмен осындай келісімге отыру үлкен мүмкіндік пен пайдалы.

Тағы бір мысал ретінде С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін келтіруге болады. Аталмыш университет былтырдан бері үш тілде оқытады. Қазір ондағы оқытушылар ағылшын тілінде сабақ береді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне қарағанда, қазірде Intermediate деңгейінде ағылшын тілін білетін оқытушылар саны – 15,1%. Ал Қазақстандағы кей жеке медициналық университеттер шетелдік студенттерге қазірдің өзінде ағылшын тілінде білім беруде. Денсаулық сақтау министрі Е. Біртанов: «Министрлік медициналық жоғары оқу орындарының шетелдік студенттерді тартуын құптайды - экспортқа бағытталған қызмет. [5] Әсіресе, халқы тығыз орналасқан Үндістан мен Пәкістаннан білім алуға ниеттілер көп. Мұнда Жоғары оқу орнын оқығысы келетіндер үшін, үлкен мүмкіндік пен көмек. Шетелдік студенттерді оқытып, тапқан қаржысына университет өз инфрақұрылымын дамытып, керек-жарағын алады, барлық студенттерге қажетті кітап қорын толықтырады», – деп айтқан болатын, яғни бұл тараптан Қазақстанға да өте тиімді болмақ. Бір жағынан мықты Жоғары білімге құштар Үндістан студенттері білім алса, басқа жағынан бізге де пайдалы.

Қорыта айтсақ, Қазақстан Үндістан мемлекетімен салыстырғанда 28 жыл ішінде, Жоғары оқу орны бойынша айтарлықтай жетістікке жетті. Біздің әр жоғары оқу орнымызда студенттерге жоғары білімді алу үшін, барлық жағдай қарастырылған. Көп балалы Отбасыдан шықсаң арнайы жеңілдік қарастырылып, жоғары білім жүйеміздің арқасында осындай студенттер үлкен мүмкіндікке ие. Еуропа мемлекеттерімен Жоғары оқу орындар арасында келісім шарт жасалып, студент алмасу сияқты әртүрлі тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп келеді. Профессор, аға оқытушыларды шыңдау мақсатында Еуропа мемлекеттеріндегі жоғары оқу орындарына практика алмасып, курстардан өтеді. Өзінің он жылдық дамуы барысында жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік емес секторы жалпы білім беру жүйесінде елеулі рөл атқара бастады. 2001 жылдың басында елде жоғары кәсіби білімді мамандар даярлауға мемлекеттік лицензия алған 121 мемлекеттік емес жоғары оқу орындары пайда болды. Яғни, тек мемлекеттік Жоғары оқу орындары емес, сонымен қатар жеке меншік оқу орындары өз білім жүйелерін мықты ету үшін, 2 дипломдық жүйе арқылы, білім алмасу, практика жинау үшін өздері меморандумға қол қойып, келісім жасайды [6].

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Б.Ф. Аяған, Х.М. Әбжанов, А.Н. Қашқымбаев, Ж.Н. Қалиев. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері // Қазақстанның білім деңгейін әлемдік стандартқа негіздеу. Астана. 2011. С.7-247
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Үндістан#>
3. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Жоғары\\_оқу\\_орындары](https://kk.wikipedia.org/wiki/Жоғары_оқу_орындары)
4. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан\\_жоғарғы\\_оқу\\_орындарының\\_тізімі](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_жоғарғы_оқу_орындарының_тізімі)
5. [https://massaget.kz/okushyilarga/mektep\\_omiri/25941/](https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/25941/)
6. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстанның\\_білім\\_беру\\_жүйесінің\\_тарихы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстанның_білім_беру_жүйесінің_тарихы)